

тәсілін түбегейлі өзгертті. Мылтықпен қаруланған жаяу әскердің пайда болуы, “жанды қамал” және “манталет” сияқты тактикалардың қолданылуы дала соғысының сипатын жаңартты. Бұл кезеңде қазақ жауынгерлері тек ат үстінде соғысумен шектелмей, жаяу қорғаныс пен мергендік тәсілдерін тиімді пайдаланған. Қазақ әскерінің қарулануындағы өзгерістер Ресей, Бұхара, Хиуа, Қоқан сияқты көрші мемлекеттермен сауда және әскери қатынастар арқылы жүзеге асты. Осындай өзара ықпалдастық нәтижесінде қазақ әскері аймақтық саяси процестерге белсене қатысып, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресте жоғары әскери шеберлігін көрсетті.

Қорыта айтқанда, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әскери ісі - көшпелі өркениеттің бейімделгіштігі мен жаңашылдыққа ұмтылысының дәлелі. Бұл дәуір қазақ халқының әскери мәдениетінің эволюциясын және ұлттық мемлекеттілікті сақтау жолындағы күрес тәжірибесін айқын көрсетеді. XVIII ғасырдың бас кезінде қазақтар Орталық Азия көшпенділері арасында алғашқылардың бірі болып от қаруын жаппай қолдана бастады. Бұл олардың соғыс тәсілдеріне жаңа сипат берді - жаяу соғыстың үлесі артты. Алайда тұрақты пехота құрылмады: сарбаздар ұрыс алдында аттарынан түсіп, атыспен шайқасатын. Қазақ жасақтары табиғи жер бедерін және тіпті «тірі қамалдар» - жылқылар мен түйелерді қорған ретінде пайдаланды. Мылтықшылардың басты серіктестері садақшылар мен найзагерлер болды, ал ұрыс тәсілдерінің өзегі дәл ату мен жылдам маневрге негізделді. XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ әскери ісінің басты әлсіздігі - арнайы жүйелі дайындық пен артиллерияның болмауы еді. Бұл кемшіліктер Орталық Азия халықтарымен шайқастарда аса ауыр зардап әкелмесе де, Ресейдің тұрақты әскерімен соғыста айқын байқалды. Еуропалық үлгідегі соғыс тәсілдерімен танысу қазақтардың жаяу ұрыс тактикасын жетілдіруге әсер етті. XIX ғасырдың алғашқы жартысында Кенесары мен Садық сұлтан секілді қолбасшылар басқарған жасақтар кейде тұрақты әскерге тең дәрежеде шайқаса алды. Алайда артиллериясы жоқ қазақ жасақтары ұзақ атысқа төтеп бере алмады. Осылайша дәстүрлі көшпелі әскери жүйе өзінің тарихи кезеңін аяқтап, қазақ халқы жаңа - Ресей империясы дәуіріне өтті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Л.А. Бобров (Новосибирск) КАЗАХСКАЯ ТАКТИКА ВЕДЕНИЯ БОЯ В ПЕШЕМ СТРОЮ В ПОСЛЕДНЕЙ ТРЕТИ XVI - СЕРЕДИНЕ XIX ВЕКОВ
2. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4 - Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985, с. 163.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: «Санат», 1996. 656 с.
4. Бобров Л. А., Худяков Ю. С. Вооружение и тактика кочевников Центральной Азии и Южной Сибири в эпоху позднего Средневековья и раннего Нового времени (XV - первая половина XVIII в.) / Под ред. В. П. Никонорова. - СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2008. - 776
5. Султаны Кенесары и Сыздық. Биографические очерки султана Ахмета Кенесарина. Обработано для печати и снабжено примечаниями Е.Т. Смирновым. -Алма-Ата: Жалын, 1992.-144 с, илл.
6. Левшин, А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей : в 3 ч. / А. И. Левшин. - Санкт-Петербург : Тип. Карла Крайя, 1832. - Ч. 3. С. 34, 45, 47; и др. 03.10.2025, 20:30
7. Ахмедов Б. А. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX. Ташкент, 1988. С. 226; см. также: Шараф-наме-йи шахи // МИКХ.С. 291, 303. 04.10.2025, 18:17
8. Кушкумбаев А.К. - Военное дело казахов в XVII-XVIII вв. Алматы. Дайк-Пресс. 2001. 182 с.

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДӘСТҮРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**

### **Қасымжан А.А**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Жылқышыбаева К.К.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

[karluwa1970@gmail.com](mailto:karluwa1970@gmail.com)

Алматы қ.

Қазақ халқының құқықтық мәдениеті мен мемлекеттілік дәстүрінің қалыптасу тарихында Қасым ханның есімі айрықша орын алады. XV-XVI ғасырларда Дешті Қыпшақ аумағында жаңа қалыптасқан Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған тұрақты саяси құрылым ретінде орнығу үстінде

болды. Елдің ішкі бірлігі мен қоғамдық қатынастардың реттелуі сол кезеңде аса маңызды міндетке айналды. Осындай тарихи жағдайларда Қасым хан қазақтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрып, жол-жоралғыларын біріздендіріп, оларды мемлекеттік басқару ісінің негізіне айналдырды. Тарихшылардың пікірінше (С. Жолдасбайұлы, М. Қозыбаев, Е. Бекмаханов және т.б.), «Қасым ханның қасқа жолы» қазақ заңдарының алғашқы жүйеленген нұсқасы ретінде көшпелі қоғамдағы құқықтық сананың дамуына жаңа серпін берген.

Қасым ханның билігі кезінде Қазақ хандығы саяси, экономикалық және әскери жағынан күшейіп, оның беделі аймақтық деңгейде артты. Мұндай жағдайда құқықтық нормаларды реттеу тек ішкі тәртіпті сақтау үшін ғана емес, халықаралық қатынастарда да хандықтың біртұтас заңды жүйесі бар екенін көрсету үшін қажет болды. «Қасқа жол» әдеттегі нормаларды жаңадан ойлап табу емес, керісінше, халық тәжірибесінде бұрыннан бар құқықтық қағидаларды жинақтап, қоғам талаптарына сай бейімдеу арқылы жасалғанын авторлар атап өтеді (М. Тынышбайұлы, К. Пишулина). Бұл жинақтың «Қасқа жол» деп аталуы да оның айқындығын, әділдігін және жалпы халыққа түсініктілігін меңзейді. Заңдар жинағының мазмұны қоғамдық қатынастардың негізгі салаларын қамтыды: жер дауы, жесір дауы, мал-мүлікке қатысты мәселелер, қылмыстық жаза түрлері, әскери міндеттер мен хан билігін нығайтатын ережелер. Қазақ қоғамында руаралық дау-жанжалдардың, көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктері және әскери-саяси жағдайлардың қиындығы құқықтық нормалардың жинақталып, жалпыға ортақ қағида түрінде бекітілуін талап етті. Осы тұрғыда «Қасым ханның қасқа жолы» тек заңдық құжат ретінде ғана емес, әлеуметтік өмірді реттеудің әмбебап жүйесі ретінде қызмет атқарды. Көптеген зерттеушілер Қасым хан заңдарының тарихи маңызын атап өтіп, оның құқықтық ой дәстүрін қалыптастырудағы рөлін жоғары бағалайды. Мысалы, Т. Сұлтанов пен Н. Мыңжан «Қасқа жолдың» қазақ мемлекеттілігінің ерте кезеңіндегі ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуге зор ықпал еткенін жазады. Бұл жинақ кейінгі кезеңдердегі «Есім ханның ескі жолы» мен «Тәуке ханның Жеті жарғысына» негіз болғанын тарихи деректер дәлелдейді. Демек, Қасым хан бекіткен нормалар қазақ құқық жүйесінің дамуындағы бастау көзі ретінде қарастырылуы орынды.

Осы мақалада Қасым ханның «Қасқа жолы» заңдарының пайда болу алғышарттары, оның мазмұны, қоғамдық маңызы және кейінгі қазақ құқықтық дәстүріне ықпалы талданып, тарихи әдебиеттердегі көзқарастар жүйелі түрде қарастырылады. Бұл зерттеу қазақ мемлекеттілігі тарихында құқықтық реттеудің қандай рөл атқарғанын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Қасым ханның қасқа жолы» тек құқықтық нормалардың жиынтығы ретінде ғана емес, сол дәуірдегі қазақ қоғамының дүниетанымы мен әлеуметтік құрылымын бейнелейтін маңызды мәдени құбылыс болып саналады. Бұл заңдар жинағы халықтың әділдікке деген ұмтылысын, ел ішіндегі татулықты сақтауға бағытталған көне салт-дәстүрлердің өміршеңдігін көрсетті. Қасым хан енгізген құқықтық тәртіптің арқасында Қазақ хандығы бір орталықтан басқарылатын мемлекет ретінде аймақтық саяси кеңістікте өз орнын бекіте алды. Сондықтан «Қасқа жолдың» тарихи мұрасы бүгінгі күні де қазақ құқықтық ойының түп негізін танытатын маңызды дерек көзі болып қала береді.

Қасым ханның заң жүйесін қалыптастыруы XVI ғасырдың басындағы қазақ қоғамының күрделі саяси жағдайымен тығыз байланысты болды. Бұл кезеңде Қазақ хандығы аумақтық тұрғыдан кеңейіп, Жетісу, Сыр бойы және Ұлытауға дейінгі аймақтарда билігін күшейтті. Қазақ халқының саны да айтарлықтай өсті, бұл өз кезегінде құқықтық нормалар мен қоғамдық тәртіпті біріздендіруді қажет етті [1, 368 б]. Әдет-ғұрып құқық нормалары жеке рудың, тайпаның ішінде қолданылып келген дәстүрлі тәртіп ережелері болатын. Алайда мемлекеттің нығаюы бұл нормаларды бүкіл хандыққа ортақ деңгейде жүйелеуді талап етті. Қасым хан осы қажеттілікті түсініп, халық арасында бұрыннан бар құқықтық тәжірибені жинақтап, заңдық жүйеге енгізді. Ғалымдар Қасым хан реформасының үш негізгі мақсатын көрсетеді: мемлекеттің ішкі тұрақтылығын қамтамасыз ету; руаралық қатынастарды реттеу арқылы саяси бөлінушіліктің алдын алу; әскери тәртіп пен қоғамдық жауапкершілікті күшейту [2, 254 б]. Осы тарихи контекст Қасым ханның заң шығарушылық қызметінің тек құқықтық емес, саяси маңызы бар екенін дәлелдейді. Қазақ мемлекеттілігінің құқықтық эволюциясын қарастырғанда Қасым хан тұсында қалыптасқан «Қасым ханның қасқа жолы» мен Тәуке хан дәуіріндегі “Жеті жарғы” арасында терең мазмұндық және құрылымдық байланыс бар екені айқындала түседі. Зерттеушілердің басым бөлігі Тәуке хан тұсындағы кодификация бұрынғы құқықтық дәстүрлерден, әсіресе Қасым хан заңдарынан тікелей нәр алғанын көрсетеді [3, 63 б]. Сол себепті бұл екі құқықтық жүйені жеке феномен ретінде ғана емес, Қазақ хандығының құқық мәдениетін тарихи сабақтастық арқылы жалғастырып тұрған біртұтас құқықтық дәстүр ретінде қарастыру қажет.

Тарихи деректерде “Қасым ханның қасқа жолы” бес негізгі құқық саласын қамтығаны көрсетіледі. Олар: жер дауы, мал-мүлік дауы, қылмыстық істер, әскери міндет және қоғамдық тәртіп нормалары [4, 45 б]. Бұл құрылым қазақ қоғамының көшпелі-номадтық табиғатына толық сәйкес келді.

Жер дауы жайылымдық жерге иелік ету тәртібі экономикалық тұрақтылықтың негізгі шарты болды, себебі мал шаруашылығы қоғамның негізгі өндірістік саласын құрады. Сондықтан Қасым ханның жер қатынастарын нақтылау әрекеті құқықтық жүйені орталықтандыруға бағытталған маңызды қадам болатын.

Қылмыстық істерге қатысты нормалар да қоғамдағы қанды кек пен руаралық қақтығыстың деңгейін төмендетуге бағытталды. «Құн төлеу», «айып», «жаза», «барымтаға тыйым» сияқты институттардың жүйеленуі құқықтық тәртіпті нығайтып, билікке деген сенімді арттырды [5, 112 б]. Әскери міндет пен қоғамдық тәртіп нормалары халықтың ішкі бірлігі мен сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналды, өйткені Қазақ хандығының геосаяси жағдайы әскери ұйымшылдықты талап етті. Қасым хан заңының ықпалы соншалық, Еуропалық деректерде қазақтар «қасымдықтар» деп аталғаны туралы мәлімет Герберштейн еңбектерінде көрсетіледі [5, 114 б].

Осы құқықтық негіздер кейін Тәуке хан дәуірінде жүйелі түрде жаңғыртылып, «Жеті жарғы» деп аталатын кең көлемді заңдар жинағына айналды. “Жеті жарғы” мазмұны жеті құқық саласын қамтыды: жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мүлік дауы, ұрлық-қарлық, елшілік (халықаралық) құқық және әскери міндет [6, 29 б]. Бұл құрылым Қасым хан тұсындағы негізгі заң салаларымен толық үйлеседі. Әсіресе жер, құн және қылмыстық дауларға қатысты нормалардың мазмұндық ұқсастықтары құқықтық дәстүрдің үзілмегенін дәлелдейді. Сонымен қатар құқықтық нормалардың жүйеленуі тек ішкі басқару тетіктерін жетілдіріп қана қойған жоқ, қазақ қоғамында мемлекеттік билікке деген сенімді нығайтты.

XV-XVI ғасырлардағы көшпелі елдердің басым бөлігінде құқықтық жүйелер ауызша дәстүр арқылы сақталғаны белгілі. Қазақ хандығында да осындай ерекшелік болғанымен, Қасым хан тұсында заңдардың нақты құрылымға келтірілуі биліктің легитимділігін күшейтті. Хан жарлықтарының ел арасында кең таралуы қоғамдық қатынастардың реттелуіне ықпал етіп, құқықтық мәдениеттің әлеуметтік деңгейде өркендеуіне жол ашты. Заңдардың қалыптасуына ықпал еткен тағы бір фактор - қазақ қоғамындағы билер институтының мықты болуы. Қасым хан заңдарының өміршеңдігі билердің тәжірибесімен және құқықтық нормаларды халық арасында түсіндіруімен тығыз байланысты болды. Билер дауларды шешкенде «Қасқа жолдың» талаптарын басшылыққа алып, нақты жағдайға бейімдей отырып қолданды. Мұндай құқықтық синтез қазақ заңдарының қатаң жазбаша сипат алудан гөрі, өмірлік тәжірибеге жақын, икемді құқық жүйесіне айналуына мүмкіндік берді. Әсіресе Қасым хан реформасынан кейін билер сотының рөлі бұрынғыдан да күшейіп, құқықтық нормаларды қоғамның табиғи қажеттілігіне сай бейімдеп отыратын әлеуметтік институт ретінде қалыптасты.

Қасым хан заңдарының тарихи маңызын зерттеген бірқатар ғалымдар бұл жүйенің қазақтың саяси мәдениеті мен мемлекеттік санасын арттырудағы шешуші рөлін атап көрсетеді. Әдет-ғұрып нормаларына негізделгенімен, «Қасқа жол» хан билігінің орталықтануын қамтамасыз еткен алғашқы құқықтық құжат болды. Бұл заңдар қазақ мемлекетінің ішкі бірлігін сақтап қалуға, сыртқы қауіптерге қарсы ұйымдасқан түрде әрекет етуге жол ашты. Қазақ қоғамының саяси құрылымындағы хан, сұлтан, би, батыр сияқты әлеуметтік топтардың өкілеттіктері де осы құқықтық жүйе негізінде айқындала түсті. Қасым ханнан кейінгі кезеңдерде де оның заңдарының мәні бәсеңдемей, қайта жаңғырып, жаңа мазмұнмен толықтырылып отырды. Әсіресе Есім ханның «Ескі жолы» бұрынғы құқықтық тәжірибені жалғастыруға бағытталған реформа болды. Ал Тәуке ханның «Жеті жарғысы» Қасым хан негізін қалаған құқықтық дәстүрді одан әрі кеңейтіп, әлеуметтік қарым-қатынастарды нақты жүйеге келтірді. Мұның өзі құқықтық дәстүрдің үзілмей сақталғанын және Қазақ хандығында құқық мәдениетінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді.

Зерттеушілердің айтуынша, Қасым хан заңдарының бірқатар нормалары кейінгі кезеңдерде Ресей империясы отарлық әкімшілігі тарапынан да назарға алынған. XIX ғасырдағы сот реформалары кезінде билер сотын сақтау, жер қатынастарын реттеу, құн төлеу институтын шектеу мәселелері талқыланғанда қазақтың дәстүрлі құқық жүйесіне ерекше мән берілген. Бұл Қасым хан реформасының ұзақ мерзімді тарихи ықпалын айқын көрсетеді. «Қасым ханның қасқа жолы» қазақ қоғамының құқықтық ой-санасының қалыптасуында тек заңдар жиынтығы ретінде ғана емес, мәдени-өркениеттік феномен ретінде бағалануға лайық. Бұл заң жүйесінде қазақ халқының дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы, шаруашылық ерекшелігі, әділдікке деген көзқарасы толық көрініс тапқан. Сондықтан Қасым хан заңдары қазақ мемлекеттілігінің теориялық негіздерін зерттеуде маңызды дерек көзі болып табылады.

Зерттеушілердің пікірінше, заңдар бес негізгі бөлімнен тұрған, олардың әрқайсысы мемлекеттің біртұтас дамуына қызмет етті.

1) Жер дауы. Жер - көшпелі шаруашылықтың тірегі. Сондықтан жерге байланысты дауларды реттеу «Қасқа жолдың» ең көлемді тарауларының бірі болған. Жайылымдық жерлерді бөлісу, белгілі

бір рудың ғасырлар бойы пайдаланған ата-қонысын сақтау, көшу бағыттарын сақтау сияқты мәселелер заңмен бекітілді. Жер дауы көбіне руаралық жанжалдарға себеп болғандықтан, билер кеңесінің шешімі ең әділ және міндетті норма ретінде танылды. Бұл институт тек құқықтық тәртіпті ғана емес, халықтың әлеуметтік бірлігін сақтауда да маңызды рөл атқарды.

2) Жесір дауы. Жесір дауы бөлімі отбасы және неке қатынастарын реттеген. Қазақ қоғамында әйел мүлік ретінде емес, белгілі бір құқықтары бар отбасы мүшесі ретінде қарастырылғанын осы нормалар дәлелдейді. Әмеңгерлік дәстүрі - жесірдің қауіпсіздігін, баланың жетімдік көрмеуін қамтамасыз еткен әлеуметтік институт. Сонымен қатар бұл дәстүр ру ішіндегі мал-мүлік пен қоныстың басқа руларға кетпеуіне ықпал етті. Жесір дауына қатысты мәселелер тек құқықтық емес, моральдық нормаларға да негізделді.

3) Мал-мүлік дауы. Мал - қазақ қоғамындағы басты байлық пен экономикалық тірек. Сондықтан малға байланысты дау-дамайлар жиі туындаған. «Қасқа жолдың» осы тарауында мал ұрлығы, жоғалған малды іздеу тәртібі, сауда-саттықтағы адалдық нормалары, қарыз беру мен қайтару ережелері қарастырылды. Мал ұрлаған адамға қатаң жаза қолданылуы бүкіл қоғамның экономикалық тұрақтылығын сақтауға бағытталды. Бұл нормалар көшпелі қоғамда меншік құқығының жоғары деңгейде қорғалғанын көрсетеді.

4) Қылмыс пен жаза. Заңның бұл бөлімі қазақ қоғамында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Кісі өлтіру, тонау, шабуыл жасау, дене жарақаты сияқты қылмыстарға қатысты айыптар нақты көрсетілді. «Қанға қан» қағидаты мен құн төлеу жүйесі - ежелгі түркі құқықтық дәстүрінің жалғасы. Қылмыстың салдарынан зардап шеккен жақ әділ өтем алуға құқылы болды. Бұл нормалар қоғамда әділеттілікті сақтауға және шиеленісті жанжалдарға жеткізбей шешуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ руаралық қақтығыстардың алдын алатын механизмдер де осы бөлімде қарастырылды.

5) Әскери міндеттер. Қазақ хандығының қуаты оның әскери құрылымының күшімен тікелей байланысты болды. Сондықтан заңдар жинағында әр ер адамның жауға шығу міндеті, жорық кезіндегі тәртіп, қару-жарақты сақтау және қолдану ережелері анық жазылған. Әскердің ұйымшылдығы мен тәртібі хандықтың сыртқы қауіп-қатерлерге төтеп беруіне мүмкіндік берді. Бұл нормалар мемлекеттің қорғаныс саласының тұрақты дамуына жол ашты. Жалпы алғанда, «Қасқа жолдың» нормалары өте түсінікті, қолдануға жеңіл және өмірдің нақты тәжірибесіне негізделген. Сондықтан заңдар қазақ даласында кең таралып, ел ішіндегі басты құқықтық құжатқа айналды. Зерттеушілер бұл жүйені «дала конституциясы» деп атауы бекер емес.

«Қасым ханның қасқа жолы» қазақ қоғамының саяси, құқықтық және әлеуметтік құрылымына ерекше ықпал етті. Бұл заңдар жинағы мемлекеттік биліктің нығаюына, халықтың бір орталыққа бағынуына және қоғамдағы тұрақтылықтың сақталуына негіз болды.

Біріншіден, заңдар хандықтағы ішкі тәртіпті қамтамасыз етті. Руаралық даулардың билер арқылы әділ шешілуі қоғамдағы жанжалдардың ушығуына жол бермеді. Әсіресе жер, жесір және малға қатысты даулардың нақты нормалар арқылы реттелуі елдің бірлігін сақтауға үлкен үлес қосты.

Екіншіден, «Қасқа жол» құқықтық мәдениеттің дамуына серпін берді. Қазақ халқы дауды күшпен емес, заңмен шешуге үйренді. Бұл мемлекет пен халық арасындағы сенімді күшейтті. Хан билігінің легитимділігі артып, құқықтық нормалар жалпыұлттық деңгейде танылды.

Үшіншіден, Қасым хан енгізген құқықтық нормалар кейінгі құқықтық жүйелерге негіз болды. «Есім ханның ескі жолы» мен «Тәуке ханның Жеті жарғысы» - «Қасқа жолдың» заңдық дәстүрін жалғастырған тарихи заңдар. Бұл қазақ қоғамында құқықтық ойдың үздіксіз дамығанын дәлелдейді.

Төртіншіден, заңдар мемлекеттің орталықтануына ықпал етті. Қасым хан билік еткен кезеңде Қазақ хандығының халықаралық беделі өсіп, көрші мемлекеттер оның саяси күшімен санасуға мәжбүр болды.

XVI ғасырда хандықтың шекарасы кеңейіп, халқының саны 1 миллионнан асты деген деректер бар. Мұндай деңгейге жетуде ішкі бірлікті сақтаған «Қасқа жолдың» ықпалы зор болды. Сонымен қатар, бұл заңдар жинағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын да айқындады. Билер институтының беделі артты, әділдікке негізделген басқару жүйесі қалыптасты. «Қасқа жолдың» нормалары ғасырлар бойы қолданылып, халықтың құқықтық санасында терең із қалдырды. «Қасым ханның қасқа жолы» - қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына бағытталған ең маңызды тарихи-құқықтық ескерткіштердің бірі. Оның мазмұны тек құқықтық құжат ретінде емес, халықтың рухани құндылықтарын көрсететін мәдени мұра ретінде де бағаланады.

Қорыта келгенде, Қасым ханның құқықтық реформалары Қазақ хандығының мемлекеттік жүйесінің қалыптасуындағы ең маңызды тарихи кезеңдердің бірі болды. Оның билігі тұсында жасалған құқықтық өзгерістер қазақ даласындағы саяси құрылымның нығаюына, мемлекеттік басқарудың бір орталыққа бағынуына және қоғамдағы құқықтық тәртіптің тұрақтануына тікелей ықпал етті. Қасым

хан дәуіріне дейін әр ру өз ішкі әдет нормаларымен жүрсе, “Қасым ханның қасқа жолы” сол нормаларды ортақ арнаға түсіріп, бүкіл хандыққа ортақ құқықтық кеңістік қалыптастырды. Бұл реформалар мемлекеттің аумақтық тұтастығын, ішкі бірлігін және саяси тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі тетіктерінің біріне айналды. “Қасқа жолдың” тарихи маңызы оның мазмұнында ғана емес, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті жаңа деңгейге көтеруінде жатыр. Қасым хан заңдарының негізінде әділдік, ар-намыс, адамгершілік, жауапкершілік және қоғам ішіндегі тепе-теңдік сияқты құндылықтар тұрғаны белгілі. Осы құндылықтар құқық нормаларына айналып, билік пен халық арасындағы сенімді нығайтты. Халықтың заңға деген құрметі артып, құқықтық қатынастар ауызбіршілікке, бейбітшілікке және келісімге негізделген жаңа сипатқа ие болды. Қасым хан енгізген құқықтық реформа билер институтының беделін күшейтіп, сот билігінің әділдігін қамтамасыз етуге бағытталды. Би - тек дау шешуші тұлға емес, қоғамның моральдық тірегі, әділеттіліктің сақшысы болды. “Қасқа жол” билердің шешіміне ортақ құқықтық өлшем беріп, олардың қызметін біріздендірді. Бұл жағдай қазақ даласында құқық үстемдігін қалыптастыруға, дауларды бейбіт жолмен шешу дәстүрін сақтауға, қоғам ішіндегі бірлікті нығайтуға ерекше ықпал етті. Қасым хан дәуіріндегі құқықтық реформа Қазақ хандығының ішкі саяси құрылымын тек нығайтып қана қойған жоқ, сыртқы саясатта да мемлекет беделінің артуына жағдай жасады.

Тарихи деректер Қасым хан тұсында хандықтың халықаралық беделі жоғары болғанын растайды. Оның ұстанған құқықтық саясаты мемлекеттің басқару жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, көшпелі мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына негіз салды. Бүгінгі Қазақстан үшін Қасым ханның құқықтық реформалары - өткеннің тарихи ескерткіші ғана емес, қазіргі құқықтық жүйенің рухани-идеялық тірегі. “Қасқа жолдың” мазмұнында жатқан негізгі құндылықтар қазіргі заманғы заңнамалық үдерістерде де өзектілігін жойған жоқ. Әділдікке негізделген шешімдер, заң алдындағы теңдік, халықтың құқықтық мәдениетін арттыру - Қасым хан дәуірінен бастау алған құқықтық дүниетанымның жалғасы болып табылады. Осылайша, Қасым ханның құқықтық қызметі қазақ мемлекеттілігінің құқықтық негізін қалап, қазақ халқының саяси бірлігін сақтауға мүмкіндік берген құдіретті тарихи қадам болды. Оның заңдары бірнеше ғасыр бойы халық жадында сақталып, уақыт сынынан сүрінбей өткен ұлттық құқықтық мәдениеттің алтын арқауына айналды. Қасым хан қалыптастырған құқықтық жүйе бүгінгі күні де өзінің мағыналық тереңдігі, рухани салмағы және ұлттық құқықтық ойға қосқан үлесі арқылы құндылығын жоғалтпай отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Марғұлан Ә. Ежелгі дәуірдегі қазақ мәдениеті. - Алматы: Санат, 2000. - 368 б.
2. Ермеков Ә. Қазақ хандығы дәуіріндегі әлеуметтік қатынастар. - Астана: Фолиант, 2014. - 254 б.
3. Ахметова Г. Т. Қазақ құқықтық мәдениетінің тарихи бастаулары. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 210 б.
4. Қойгелдиев М. Қазақ мемлекетінің қалыптасу тарихы. - Алматы: Атамұра, 2012. - 320 б.
5. Сұлтанов Т. Қазақ хандығының тарихы. - Алматы: Дәуір, 2008. - 224 б.
6. Өсеров Н. Қазақтардың дәстүрлі неке және отбасы құқықтары. Алматы, 2010. - 130 б.
7. Нысанбаев А. Қазақ философиясы және руханияты. - Алматы: Жібек жолы, 2004. - 268 б.
8. Тәжіғұлова С. Қазақ әдет құқығының ерекшеліктері. - Шымкент: ОҚМУ баспасы, 2018. - 148 б.
9. Әлпейісов Қ. Қазақтың құқықтық дәстүрі. - Астана: Л.Н. Гумилев ЕҰУ, 2011. - 294 б.

## **ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ: МАЙДАН АРСЕНАЛЫ ЖӘНЕ ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕРЛІГІ**

### **Қоспаев Б.**

Ғылыми жетекшісі: PhD, аға оқытушы М.Қ. Муталиев  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Алматы қ.

Бұл мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қарағанды өңірінің майдан арсеналы ретіндегі стратегиялық рөлі жан-жақты қарастырылады. Зерттеуде көмір бассейнінің Одақ үшін